

Павлодар облысы бойынша
тексеру комиссиясының
2019 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 12/08 қаулысымен бекітілді

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Май ауданының аумағын дамыту бағдарламасының іске асырылуына, бюджет процесіне қатысушылардың жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалануына, салықтық әкімшілендіруге мемлекеттік аудит жүргізу (Қайта басталған аудит).

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің жоспарлануын және пайдаланылуын бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектісі: «Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: мемлекеттік басқаруға және әлеуметтік салаға аудит жүргізу бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы Дәурен Қайратұлы Рахметов (мемлекеттік аудитор сертификаты № 0751).

1.5. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2014 жылғы шілде - 2018 жылғы сәуір.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1 Жүргізілген аудиттің нәтижелері туралы мәлімет:

Жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарудың Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің принциптеріне сәйкестігіне аудит жүргізу мәселесі бойынша.

Құжаттардың болмауына байланысты, мемлекеттік аудитке құжаттар ұсынылған жоқ.

Бюджет қаражатын пайдаланудың және мемлекет активтерін басқарудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бағалау бағдарлама мәселесі бойынша.

Құжаттардың болмауына байланысты, мемлекеттік аудитке құжаттар ұсынылған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлаудың негізділігіне және сатып алу рәсімдерін жүзеге асырудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне аудит жүргізу бағдарлама мәселесі бойынша.

Құжаттардың болмауына байланысты, мемлекеттік аудитке құжаттар ұсынылған жоқ.

Бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың анықтылығы мен дұрыстығына аудит жүргізу бағдарлама мәселесі бойынша.

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 4, 5, 6-баптарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 4, 5, 15, 17, 21, 22, 23, 26, 27-тармақтарын бұзып, Мекемеде бухгалтерлік есеп тиісінше жүргізілмейді.

Осылайша, есептік регистрлерде (кітаптарда, карточкаларда, жинақ ведомостерінде және басқа да есептік регистрлерде) талдамалық есеп жүргізілмейді:

1) 2017 жылғы ақпаннан бастап 2018 жылғы сәуір аралығындағы 2-мемориалдық ордер;

2) 2017 жылғы ақпаннан бастап 2018 жылғы сәуір аралығындағы 5-мемориалдық ордер;

3) 2016 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы сәуір аралығындағы 6-мемориалдық ордер;

4) 2014 жылғы шілдеден бастап 2018 жылғы сәуір аралығындағы 8-мемориалдық ордер;

5) 2016 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы сәуір аралығындағы 9-мемориалдық ордер;

6) 2014 жылғы шілдеден бастап 2018 жылғы сәуір аралығындағы 13-мемориалдық ордер;

7) 2014 жылғы шілдеден бастап 2018 жылғы сәуір аралығында – тиісті синтетикалық шоттарға біріктірілетін талдау шоттарының әрбір тобында айналым-сальдолық ведомостар;

8) «Бас журнал» кітабы – 2015 жылғы қаңтардан бастап 2015 жылғы желтоқсан аралығында; 2017 жылғы қаңтардан бастап 2017 жылғы желтоқсан аралығында; 2018 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы желтоқсан аралығында;

9) Жанар-жағар май және майлау материалдарын есептен шығару ведомосі - 2014 жылғы шілдеден бастап 2018 жылғы сәуір аралығында;

10) 2017 жылғы бухгалтерлік баланс;

11) 2014 жылғы шілдеден бастап 2018 жылғы сәуір аралығындағы түгендеу тізбесі, мүкәммал карточкалары.

2.2. Мемлекеттік аудиттің жиынтық нәтижелері

Жоғарыда аталған құжаттардың болмауына байланысты, жылдың басындағы синтетикалық және талдамалық шоттар бойынша бухгалтерлік есептік регистрлерінде бухгалтерлік балансқа және есептік регистрлеріне толық сәйкес келуін көрсету дұрыстығын, бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылу негізділігін тексеру мүмкін емес.

Көктүбек ауылдық округінің әкімі Сәкен Нұрланұлы Сағынбаевтың түсініктемесіне сәйкес, 2014 жылғы шілдеден бастап бухгалтерлік есепті қалпына келтіру төмендегі себептерге сәйкес мүмкін емес:

- «Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де бухгалтерлік есеп жөніндегі маман 2017 жылғы ақпан айынан бастап жоқ;

- бюджеттің 4-ші деңгейінің енгізілу сәтінен бастап «Қазынашылық клиент» кабинетінде шот бұғатталған;
- ауылдық округінің ағымдағы жұмысы аса көп;
- бұрынғы әкім жұмыстан шығарылған;
- бұрынғы бухгалтерлік есеп жөніндегі маман жұмыстан шығарылған.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:
аудиторлық іс-шара барысында шаралар қабылданбаған.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша тұжырымдар:

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнаманы бұзып, Мекемеде бухгалтерлік есеп жүргізілмейді және бастапқы құжаттама жоқ.

Аталған фактілер «Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де ұзақ уақыт бойы бухгалтерлік есеп жөніндегі маманның бос орнының болуы және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңнамасымен көзделген тәртіппен бос орынды толтыру бойынша шаралардың қабылданбауы нәтижесінде жол берілген.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша ұсынымдар:

1. Май ауданының аумағын дамыту бағдарламасының іске асырылуына, бюджет процесіне қатысушылардың жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалануына, салықтық әкімшілендіруге жүргізілген мемлекеттік аудиттің (Қайта басталған аудит) қорытындыларын қарастыру.

2. Май ауданы әкімінің (М.Қ. Ақтаев) назарын:

«Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекесінде бухгалтерлік есептің жүргізілмейтіндігіне;

«Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де 2017 жылғы ақпан айынынан бастап бухгалтерлік есеп жөніндегі маман орнының бос болу фактісіне;

Көктүбек ауылдық округінің әкімі тарапынан бухгалтерлік есептің жүргізілуіне тиісінше бақылауды жүргізбегендігіне аудару.

3. Май ауданының әкіміне (М.Қ. Ақтаев):

бухгалтерлік есептің жүргізілуіне тиісінше бақылауды жүргізбегені үшін Көктүбек ауылдық округінің әкімі С.Н. Сағынбаевтың жауаптылығын қарау;

«Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де бухгалтерлік есеп жөніндегі маманның бос орнын толтыру бойынша шаралар қабылдау;

«Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бухгалтерлік есебін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

5. Бухгалтерлік есепті жүргізуге уәкілетті тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мәліметтерді құжаттандырудан бас тарту фактісі бойынша материалдар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Павлодар облысы бойынша департаментіне, Павлодар облысының Прокуратурасына жіберілсін.

М.Қ. Ақтаев

[Signature]

6. «Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де ұзақ уақыт бойы бухгалтерлік есеп жөніндегі маман бос орнының болу фактісі бойынша материалдар Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаментіне жіберілсін.

7. Май ауданының мәслихатына Аудиторлық қорытындының көшірмесі мәлімет үшін жіберілсін.

8. Май ауданының әкіміне Аудиторлық қорытындының көшірмесі ұсынымдарды орындау бойынша шаралар қабылдау үшін жіберілсін.

3.4. Қосымша:

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 5 парақта 1 данада.

**Павлодар облысы бойынша
тексеру комиссиясының мүшесі**



М. Үйсінбаев

